

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫН ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ҚҰҚЫҒЫ

Зейнетақы төлемдерін тағайындау 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен (бұдан әрі – Кодекс) реттеледі.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың мемлекеттік базалық зейнетақы және жасына байланысты зейнетақы төлемдері түріндегі зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау ерлерге 63 жасқа толғанда, ал әйелдерге Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды орындау мақсатында 2023 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасын 2023 жылдан 2028 жылға дейін 61 жас болып бекітілді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең үшін есепке алынады. Еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді. Еңбек өтілін есептеу кезінде мыналар:

- 1) еңбек шарттары бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмысы;
- 2) әскери қызмет;
- 3) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, азаматтық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызмет;
- 4) мемлекеттік қызмет;
- 5) кәсіпкерлік және кірістер әкелетін өзге де қызмет;
- 6) басқа адамның көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамдарға күтім жа-

саған уақыт;

7) мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балаға күтім жасаған уақыт;

8) жұмыс істемейтін ананың жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін, жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт және т.б.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін толық көлемде есептеу Кодекстің 211-бабына сәйкес айқындалатын орташа айлық кірістің 60 пайызы есебінен жүргізіледі және 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыстағы үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген үш жыл ішіндегі орташа айлық кіріс негізге алына отырып жүзеге асырылады.

Ал мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде істеген еңбек өтілі және зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болған не болмаған кезде ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы мөлшерінде, оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің он жылдан асқан әрбір толық жылы үшін 2 пайызға ұлғайтыла отырып, бірақ республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 118 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау кезінде зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы ақпаратпен расталады.

Тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері жыл сайын республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейіне байланысты арттырылады.

А. СМАИЛХАНОВА
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің №2 зейнетақы және жәрдемақы қамсыздандыру бөлімінің бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ECO ROST» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73 және 96-баптарына сәйкес, «Қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі Алматы облысы, Іле ауданы, Асқар Тоқпанов ауылдық округі, Асқар Тоқпанов ауылы, Өндірістік аймақ аумағы, 46, мекенжайы бойынша орналасқан өндірістік база» әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Әсер ету аумағы: Алматы облысы Іле ауданы. Тыңдаулар өтетін күні: 2026 жылғы 30 сәуір сағат 11:00-де, мекенжайы: Алматы облысы, Іле ауданы, Асқар Тоқпанов ауылы, Қисанов көшесі, 1 Е, Асқар Тоқпанов ауылдық округі әкімдігінің әкімшілік ғимараты. Сондай-ақ, тыңдауларға бейнеконференция арқылы қосылу мүмкіндігі бар: <https://us02web.zoom.us/j/89728798070?pwd=lp29NVZ3aGaKtPblz8LAKKUCn0ftBYV.1> Идентификатор конференция: 897 2879 8070

Код доступа: 601877 Тапсырыс беруші: «ECO ROST» ЖШС, 050000, Алматы қ., Алматы ауданы, Тастақ-2, 26, 32-пәтер. ҚОӘБ (Қоршаған ортаға әсерді бағалау) бөлімін әзірлеуші: ЖК Джунусова Г.А., Алматы қ., Декарт к-сі, 7-үй, 2-пәтер, тел: 8(777)3894420, ip_junussova@inbox.ru; Жергілікті атқарушы орган: Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы. www.gov.kz Құжаттама НБД СОС и ПР (Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі ұлттық деректер қоры) <https://ndbecology.gov.kz> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Жоба бойынша ақпарат алуға және құжаттардың көшірмелерімен танысуға, сондай-ақ ескертулер мен ұсыныстарды жолдауға болатын электрондық пошта мен телефон нөмірі: rostovruslan1992@gmail.com, +7 707 821 91 23/.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ECO ROST» в соответствии с требованиями статей 73 и 96 Экологического Кодекса Республики Казахстан объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по отчету о воздействии: «Производственная база по утилизации опасных и неопасных отходов, находящейся по адресу: Алматинская область, Илийского района, с.о. Асқар Тоқпанов, с. Асқар Тоқпанов, тер. Промзона, зд.46». Территория воздействия: Илийский район Алматинской области. Слушания состоятся: 30 апреля 2026 года в 11:00 по адресу: Алматинская область Илийский район, с.Асқар Тоқпанова, ул.Кисанова, 1Е, Административное здание акимата сельского округа Асқар Тоқпанова. Также есть возможность подключения к слушаниям по средствам видеоконференции по ссылке: <https://us02web.zoom.us/j/89728798070?p>

wd=lp29NVZ3aGaKtPblz8LAKKUCn0ftBYV.1 Идентификатор конференции: 897 2879 8070 Код доступа: 601877 Заказчик: ТОО «ECO ROST», 050000, г. Алматы, Алмалынский район, Тастак-2, 26, кв.32. Разработчик раздела ОВОС: ИП Джунусова Г.А., г.Алматы, ул.Декарта, д.7, кв.2, тел: 8(777)3894420, ip_junussova@inbox.ru; Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области. <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat> Документация размещена на НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz>, в разделе «Общественные слушания» Электронный адрес и номер телефона, по которому можно получить информацию по проекту и ознакомиться с копией документов, а также направить замечания и предложения: rostovruslan1992@gmail.com, +7 707 821 91 23/.

АУСЫЛ АУРУУЫ

Аусыл – малдың аузының эпизоотикалық қабынуы (яшур, эпизоотический стоматит). Аусылмен қой, ешкі, сиыр, доңыз секілді үй жануарлары және жабайы жануарлар ауырады. Олардың аузынан тамған сілекей арқылы кесел адамдарға жұғады. Ауру малдан адамға оны күтіп-ұстауда, емдеуде тұрмыстық жолмен таралады.

Ауру көп жағдайда алдымен мал терісін зақымдаудан басталады. Оның қауіптілігі, аурудың малдан малға ғана емес, сонымен бірге адамдарға да тез жұғатындығында. Мал ұстайтын шаруа аурудың алғашқы белгілеріне мұқият назар аударған дұрыс. Жануарлардың иммундық қорғанысы үшін аусыл вирусының бірнеше түрі мен нұсқаларына қарсы вакциналар бар. Арнайы профилактика, яғни екпе ісін жүргізу бірқатар маңызды іс-шарадан тұрады.

Біріншіден, иммундау белгілі бір шаруашылықта бөлінген аусыл вирусының тиісті түрі мен нұсқасы бар вакцинамен жүргізілуі керек. Екіншіден, вакцинациялау жануарларда вирус тасымалдауды тоқтатпайды. Аусылдың алдын алу және бақылау шараларына келсек, ол осы ауруға шалдыққан малдың өзге бір шаруашылыққа немесе елді мекенге енуіне жол бермеуге негізделген. Қазіргі кезеңде аусылдың таралуының негізгі себептері қоласылды елдерден вирустың келуімен, яғни жануарлармен, малшаруашылығы өнімдері мен жемшөптің заңсыз әкелінуімен байланысты.

Адамдардың туризм, табиғи апаттар, әске-

ри қақтығыстар және тағы да басқа жағдайдағы іс-әрекеті, жабайы жануарлар мен құстардың көші-қоны аурудың таралуына басты себеп болып есептеледі. Қандай да бір шаруашылықта ауру пайда болған кезде ол карантинге жабылуы тиіс. Аусылдың бастапқы ошақтары пайда болған кезде кейіннен ошақ аумағында кәдеге жаратудан ауру жануарлар жойылуы қажет. Шаруашылықтың аурудан аман қалған клиникалық сау жануарлары ет комбинатына жіберіледі. Мұндай жануарлардың ет комбинатында сою мүмкіндігі болмаған кезде барлық мал басы тікелей ошақтың аумағында жойылуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

Аурудың жаппай таралуы жағдайында клиникалық сау жануарларға аусылға қарсы екпе егіледі. Карантин жануарлардың сауығып кетуінің, өлімінің немесе мәжбүрлі союының соңғы жағдайынан және қорытынды зарарсыздандыру жүргізілгеннен соң 21 күннен кейін алынады. Ауырған жануарлар сойылып, өртеледі. Аурудың негізгі белгілеріне мыналар жатады: дене қызуы көтеріліп, ақсап, алдыңғы аяғы жүруден қалады. Тілінде, жақ бұлшық еттерінде, еріндерінде бөртпелер пайда болады. Егер малдан осындай белгілерді байқаған адам уақыт оздырмай мал дәрігеріне хабарласу қажет.

Б.РАКИМБЕКОВ,
Өтеген батыр ауылдық округінің вет.пункт меңгерушісі

НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Байгараева Марата Байжумановича**, умершего 19. 02. 2025 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

В связи со смертью **Балабаевой**

Кульбагарам Капановны, умершей 21. 09. 2025 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

В связи со смертью **Багытовой Сапаргуль**, умершего 17. 11. 2025 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сервье Казахстан» ЖШС-і барлық мүдделі тұлғаларды 23.03.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде <https://escoportal.kz> порталында «Дәрілік заттарды кәдеге жарату» жобасы бойынша жария талқылау өткізетіндігі туралы хабарландырады, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Менделеев к., 10Е, «Олжас» ЖШС.

Тапсырыс беруші және жоба әзірлеуші: «Сервье Казахстан» ЖШС, БСН150840016024, заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 310Г. Толық ақпаратты 8 701 782 66 79 телефоны бойынша алуға болады. Пікірлер мен ұсыныстарды келесі мекенжайларға жіберіңіз: escoportal.kz.

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының электрондық поштасы: 329267esco@mail.ru, пошта мекенжайы: 040000, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26, тел.: 8 7282 32 93 83. Байланыс телефондары: 8 747 497 07 39, 8 771 507 23 10.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Сервье Казахстан» доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 23.03.2026г. и в течении 10 рабочих дней на портале <https://escoportal.kz> состоится Публичные обсуждения по проекту «Утилизация лекарственных средств», расположенный по адресу: Алматинская область, Илийский район, п. Боралдай, ул. Менделеева, 10Е. ТОО «Олжас».

Заказчик и разработчик проекта: ТОО «Сервье Казахстан», БИН 150840016024, юридический адрес: РК, город Алматы, Медеуский район, проспект Достык, 310 Г, 3 этаж.

Для подробной информации обращаться по телефону 8 701 782 66 79. Замечания и предложения можете отправлять по следующим адресам: escoportal.kz.

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, e.mail: 329267esco@mail.ru. Почтовый адрес: 040000, г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26, тел.: 8 7282 32 93 83. Контактные телефоны: 8 747 497 07 39, 8 771 507 23 10.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ALG Comranу» АҚ барлық мүдделі тұлғаларды 26.03.2026ж. 10 жұмыс күні ішінде. <https://ndbecology.gov.kz> порталында «Дәрілік заттарды кәдеге жарату» жобасы бойынша жария талқылау өткізетіндігі туралы хабарландырады, Алматы облысы, Талғар ауданы, Қайнар ауылдық округі, №225-ші есептік орам. Тапсырыс беруші және жоба әзірлеуші: «ALG Comranу» АҚ, БСН 130640017180, заңды мекенжайы: 050011, ҚР, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Сүйінбай даңғылы, 258В. Толық ақпаратты +7 747 414 57 85 телефоны бойынша алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарымен қабылданады.

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы e.mail: 329683esco@mail.ru Пошта мекенжайы: 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, үй 12, тел.: 8 (72772)2-21-15. Байланыс телефондары: 8 (72823) 2-96-83.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «ALG Comranу» доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 26.03.2026г. в течении 10 рабочих дней. на портале <https://ndbecology.gov.kz> состоится Публичные обсуждения по проекту «Утилизация лекарственных средств», по адресу Алматинская область, Талгарский район, сельский округ Кайнар, учетный квартал №225. Заказчик и разработчик проекта: АО «ALG Comranу», БИН 130640017180, юридический адрес: 050011, РК, город Алматы, Түркісібский район, проспект Сүйінбай, 258В. Для подробной информации обращаться по телефону +7 747 414 57 85. Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения»

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, e.mail: 329683esco@mail.ru Почтовый адрес: 040800, город Қонаев, улица Құрылысшы, дом 12, тел.: 8 (72772) 2-21-15. Контактные телефоны: 8 (72823) 2-96-83.

Меншік иесі: «Іле таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Директор-бас редактор - РЫМЖАНОВ БАҚТИЯР ТАЛҒАТҰЛЫ

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл. мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП,
№КЗ30VPY00065449 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №11 Осы шығарылымның таралымы - 10050